

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XX СЕССИЯСЫ

Бүгін жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс XX сессиясы өтті.

Сессияның күн тәртібіне келесі мәселелер енгізіліп, қаралды:

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №17-117-VII «2022-2024 жылдарға арналған қала, кент және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
2. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы №56 512-VI «Сарыағаш ауданы әкімдігінің жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
3. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 қазандағы №29 295-VI «Аудан әкімдігі жанындағы қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша консультациялық-кеңесші орган құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
4. Сарыағаш ауданында әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы;
5. Сарыағаш ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мелшерлемелерін бекіту туралы;
6. Сарыағаш ауданы, Құркелес және Тегісшіл ауылдық округтеріне қарасты кейбір елді мекендердің (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) дамыту және құрылыс салу схемаларын бекіту туралы.

Жалпы сессияның күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланып, ұсыныстар мен ескертулер назарға алынып тиісті шешімдер қабылданды.